

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік мекемелерін тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 961 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелері таратылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің карамағындағы мемлекеттік мекемелер мен оның ведомстволарының тізбесінде:

"2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 28 және 50-жолдар алып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісу бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 961 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің таратылатын республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ОВ-156/17 мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің УК-161/4 мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК